

НАШАҚОРЛЫҚ. Токсикомания



Наркотик деген не?



Наркотик (гр. ναρκωτικός — естен айырылу) — БДСҰ-ның анықтауы бойынша, ауру сезгіштікті жоятын химиялық есірткі. Термин әдетте есірткі анальгетиктер деп аталған апиыны бар заттарға немесе опиоидтарға жатады.

Есірткі баяғы замандардан қолданылып келе жатқан дерт екені тарихтан белгілі. Біздің заманымызға дейінгі 2700 жылдары Қытайда анаша пайдаланылды деген дерек бар.

Есірткіге қарсы күрес ХХ ғасырдың басында халықаралық сипат алып, арнайы құжаттармен бекітілді. 1946 жылдан бақылау Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырына көшті.

Нашақорлық қандай ауру?



- Нашақорлық-наркомания (грек тілінен narke – мелшию және mania – ессіздік, құтырыну) – есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру.
- Нашақорлық - өзіндік ерекшелегі бар ауру. Онымен күресті тек кешенді, барлық әлеуметтік, дәрі-дәрмектік әдістерді қолдана отырып күресу қажет. Ең басты – аурудың өзі жазылуға ниетті болуы керек. Оның жазылу ниетін қолдап, көмектесу – қоғамның әр мүшесінің парызы.

Есірткінің түрлерін білеміз бе?




Марихуана

- Героин
- Кокаин
- Экстази

Марихуана – кептірілген, ұсақ туралған жапырақтың, тұқымдар мен жасыл, қоңыр немесе сұр түсті сора гүлдерінің қосындысы. Марихуана– көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда көп таралған заңсыз есірткі.

Марихуананы шегуді кейбіреулер денсаулыққа зиян емес деп санайды. Алайда, ол денсаулыққа үлкен зиян келтіреді.



Марихуананың ықпалындағы адамның басы айналады, жүрісі бұзылады, үнемі күле береді және есте сақтау қабілеті төмендейді.

Героин - ең алдымен опий пайда болды, содан кейін одан морфин алынды, одан героин шығарылды. Героин өзінің есірткілік белсенділігімен морфийнен әлдеқайда асып түседі. Ол қыздырғаннан кейін тамырға егіледі, шегіледі, онымен демалады. 2008 жылдың 8 айы ішінде Астана қаласында героиннің дозасын асырып қолданғаннан 19 жастан 30 жасқа дейін 48 адам көз жұмған.

Нашақорлардың түн ұйқылары бұзылады, артериалдық қан қысымы төмендейді, ине салу нәтижесінен тамырлары тесіледі, бауыры мен бүйректері ауырады, организмі дене және психологиялық жағынан әлсірейді, гепатит пен СПИД-ке шалдығады, ақырында өлімге әкеп соғады.

Кокаин – коки өсімдігінен шығарылған, негізінен ақ ұнтақ тәріздес есірткі. Кокаин ұнтағын ұсақтап мұрын арқылы тартады немесе тамырға енгізу үшін езеді.

Кокаинді тек бай адамдар қолдана алады, себебі оны сатып алу үшін аптасына мың доллардан астам ақша жұмсалады. Оған тез үйреніп кетуге болады.

Кокаинді қолданушылар паранойд болып келеді, олар миына қан құйылуынан, жүректің қысылуынан кенеттен өліп кетеді.

Алғашқы дозадан алған жақсы әсерлерді сезіну үшін кокаинді жиі және көптеп қолдану керек болады. Есірткіні алғашқыда эйфорияны сезіну үшін енгізсе, кейін тек өзін жақсы сезініп, күйзелу немесе шаршаған жағдайын кетіру үшін қолданады. Қолданудың ақыры – сандырақтауға, дем алуының бұзылуына, есінен тануына, ақырында өлімге әкеліп соғады.

- **Экстази**

- Экстази– 1987 ж. Испанияда болған бір дискотекада «экстази» таблеткасын (метилендиоксиметиламфетамин) музыкамен біріктіруден болған эффект «ашылды». Экстази қолданғаннан кейін жеңілдік сезіледі, күш-қуаты күшейеді, көңіл көтеріп, бірнеше сағат қатарымен шаршамай билеуге болады. «Экстази» 2 сағаттан 8 сағатқа дейін әрекет етеді. Алайда «Экстазиден» қайтыс болғандардың саны көп. Ол ең қауіпті есірткі құралдарының қатарына саналып, БҰҰ-ның барлық елдерінде тыйым салынған. Осы есірткіні қолданған кезде адамның ми клеткалары, бауыры, бүйрегі бұзылады, жүйкесі бұзылады, тамырлары қысылады, ақырында өлімге әкеліп соғады.



• **Токсикомания**



- Токсикомания– булармен, газдармен демалу. Токсикоманияның кейбір формалары ароматтық және басқа да заттар, мысалы тұрмыста қолданылатын ацетон, бензол арқылы таралады. Бұл ерітінділер, тазартқыштар, синтетикалық желімдер, никробояулар, дақтарды кетіретін сұйықтықтар және т.б. Үйде негізінен дезодорант-спрей, шашқа арналған лак, жиһазды тазартуға арналған сұйықтық, тырнаққа арналған лак, бензин және т.с.с.
- Токсикоманияның әсерінен бұлшық ет аурулары, жүріс-тұрыс бәсеңдеуі, салмақ жоғалту, бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылуы, бас миының және жүйке жүйесінің бұзылуы, еске сақтау, ойлау қабілеттерінің әлсіреуі сияқты ауруларға, ал әрі қарай Асфиксияға (дем алудың қиындауы), естен тануға, комаға және кенеттен қайтыс болуға әкеліп соғады.

Нашақорлық-қазақстан жерінде.



- Есірткі жер бетін әбден жайлап алды. Кез келген мемлекеттің алдында нашақорлыққа күрес ашық жарияланып отыр. Қазақтың тегінде болмаған есірткі қазіргі таңда есіріп кеткен. Сарапшылардың пікірінше, біздің еліміз тіпті есірткі саудасының жол торабына айналған. Жыл сайын есірткімен күрес шараларына бөлінетін қаржының көбеюіне қарамастан нашақорлар саны күннен күнге өсіп келеді.
- **Қазір Қазақстанда ресми мәлімет бойынша 54 мыңға жуық нашақор тіркеуде тұр.** Бұл бірнеше рет көзге түсіп тіркелгендері. Тіркелмегендерінің қанша екені әзірге белгісіз. **Республикамызда нашақорларды емдейтін 9 орын бар.** Үстіміздегі жылы мамандар нашақорлыққа бас ұрған адамдарға арнайы тексеру жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде нашақорлардың 60 пайызы 30 жасқа дейінгі жастар мен әйел адамдар екені анықталып отыр.
- Есірткі таратуға қарсы қылмыстық жаза күшейтілді, Үкімет тарапынан қомақты қаржы да бөлінуде. Бірақ, нашақорлардың саны азаяр емес. Заңгерлердің айтуынша, есірткі бизнесі тамырының тереңге бойлауына одан түсетін қыруар ақша себеп болуда

- Дәрігерлердің айтуынша, нашақорлар **Астана мен Алматы қалаларында** жыл өткен сайын ұлғайып келеді. Астана қаласы нашақорлардың саны бойынша республикадағы төртінші орында екен. Қазақстанда ресми мәлімет бойынша 5 мыңға жуық жасөспірім есірткі тұтынса, солардың ішінде токсикомандармен қосқанда 137 бала Астанада тіркелген. Астанадағы нашақорларды емдейтін диспансердің бас дәрігері Ольга Комарованың айтуынша, барлығы қалада ресми мәлімет бойынша 3 жарым мың адам тіркеуде тұр. Жыл сайын олар **10-12 пайызға** өсіп отырады дейді дәрігер. Есірткі заттарын пайдалану жолында ақша үшін нашақорлар көптеген қылмыстық істерге баруда. Сонымен қатар, гигиеналық тазалықтың сақталмауынан оңайдан жазыла қоймайтын түрлі ауруларды да сол нашақорлар таратуда. Әлеуметтік құрамы бойынша індетке шалдыққандардың **74 пайызын** нашақорлар құрайтын көрінеді.
- Дәрігерлердің пікіріне сүйенсек, жасөспірімдердің көбісі **героин және синтетикалық есірткіні** көп пайдаланады. Бұның аяғының не болары белгілі... Яғни, мөлшерін асырып тұтынған адам өлімі, ерте жаста мүгедек болу немесе ұзақ уақыт бойы емделуге тура келеді.

Нашақорлық-жаһандық мәселелердің бірі.



- Халықаралық тәжірибе бүгінгі күні есірткімен күресуде қылмыстық шараларды қатаң қолдануды талап етеді. Ұлыбритания, Бельгия, Греция, Ирландия, Канада, Франция және басқа да елдер осы қылмыстар үшін өмір бойы бас бостандығынан айыруды белгіледі.
- Есірткіні сатқаны үшін өлім жазасына кесу Иран, Қытай, Сингапур, АҚШ және Тайланд заңнамаларында көрсетілген.
- Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-іс жүргізу кодекстеріне және Есірткінің заңсыз айналымы аясындағы жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылықтары жөніндегі кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы әзірленіп, маусым айында қабылданды.

- **XXI ғасырда есірткі қолдану** адамзаттың аса өткір мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл – барлық мемлекет қозғап отырған және көптеген елдердің экономикасы мен адамдардың денсаулығына нақты қауіп-қатер тудыратын жаһандық мәселе. Халыққа нашақорлықтың қауіптілік деңгейін көрсететін бағыттағы ақпараттар және нашақорлыққа қарсы іс-шаралардың рөлі мен маңызы өсті. Бұл іс-шаралардың мақсаты халықты нашақорлыққа деген кері психологиялық әсерін тигізу болып табылады.

Есірткі құралдары адам ағзасына кері әсерін тигізеді және әлеуметтік статусты төмендететін физикалық, рухани азғыруына алып келеді. Нашақорлықтың қарқынды таралуы көп сатылы апатқа, яғни әртүрлі зиянды зардап шектіретін демографиялық, экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайлардың құлдырауына әсер етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің **2012 жылғы 12 сәуірдегі № 451** Қаулысымен Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің **2012-2016 жылдарға** арналған Салалық бағдарламасы енгізілді.

Бағдарламаның мақсаты – Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткінің заңсыз айналымына қарсы мемлекеттік және қоғамдық іс-қимылдың қалыптастырып жатқан жүйесін жетілдіру.



Қорытынды

- **Нашақорлық** — адамзатқа берілген ең ауыр жаза. Нашақорлық-өзін-өзі өлтірудің ең баяу тәсілі, өз бойында өмірді, ерікті, ақылды, қабілетті саналы, ерікті түрде бұзу.
- **Жас достар!** Нашақорлыққа қарсы күрес жүргізу - біздің қолымызда, өйткені біздер жаңа дәуірде елімізді сақтайтын таза, мықты, денсаулығы зор ұрпақ жалғастыратын қазақ елінің салауатты перзентіміз... Ойланайық! Санамызға сала пайымдайық! Нашақорлыққа ымырасыз болуға шақырамын барлықтарыңызды!